

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2023 жылғы 31 шілде

Астана қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 55

город Астана

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2023 жылға арналған комиссиялық
сыйақысының шамасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 58-бабының 2 және 5-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2023 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс сомасының 1,5 пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2023 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 21 қарашадағы № 101 қаулысының күші жойылсын.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

Төраға

Ғ.О. Пірматов

Көшірмесі дұрыс:
Бас маман-Басқарма хатшысы

Ж.Мұхамбетова